

**Мемлекеттік бюджет қаражатының есебінен ұсталатын қызметкерлерге жалақының уақытында төленуін жедел ұйымдастыру және бақылау жөніндегі Үкіметтік мақсатты топ құру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 9 қазандағы N 1024

Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 30 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауынан туындайтын тапсырмаға сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Үкіметтік мақсатты топ мынадай құрамда құрылсын:

Ертілесова Жанат - Қазақстан Республикасының  
Жұрғалиқызы Қаржы министрінің бірінші  
вице-министрі, төрайым

Көшербаев Қырымбек - Қазақстан Республикасы Білім,  
Елеуұлы мәдениет және денсаулық сақтау  
министрі, төрағаның орынбасары

Шөкеев Өмірзақ - Қостанай облысының әкімі  
Естайұлы

Жақиянов Ғалымжан - Павлодар облысының әкімі  
Бәділжанұлы

Жақыпов Қабиболла - Батыс Қазақстан облысының әкімі  
Қабенұлы

ЕСКЕРТУ. Құрам өзгерді - ҚРҰ-нің 1999.02.24. N 169 қаулысымен.

## 2. Үкіметтік мақсатты топ:

орталық және жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік бюджет қаражатының есебінен ұсталатын қызметкерлердің жалақысын уақытында төлеу мәселелері бойынша жұмыстың үйлестірілуін жүзеге асырсын. Қажет болғанда заңда белгіленген тәртіппен жауапты қызметкерлерді атқарып отырған лауазымдарынан босатуға дейін шаралар қ о л д а н с ы н ;

апта сайын жүргізіліп жатқан жұмыс туралы Қазақстан Республикасының Премьер-Министрін хабардар етіп отырсын;

осы мәселе бойынша қабылданған мемлекет басшысы тапсырмаларының және Үкімет актілерінің орындалу барысын үйлестіруді және бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Тиісті жергілікті бюджеттердің қаражаттары есебінен ұсталатын қызметкерлердің жалақысы уақытында төленуін қамтамасыз ету үшін барлық деңгейдегі әкімдерге дербес жауапкершілік жүктелсін.

4. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері: осындай мәселелерді шешу үшін бір апталық мерзімде аймақтарда мақсатты топтар құ р с ы н ;

аймақтық мақсатты топтардың іс-әрекеттері бұқаралық ақпарат құралдарында көрсетілуін ұ й ы м д а с т ы р с ы н .

5. Қостанай, Павлодар, Батыс Қазақстан, Атырау және Маңғыстау облыстарының әкімдері бір апталық мерзімде ағымдағы жылдың 1 қазанында жалақы және мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорларына төленетін жарналар жөніндегі берешекті өтеудің кестесін бекітсін және оны Үкіметтік мақсатты топқа тапсырсын.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі